

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨМІРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

Кез келген халықтың рухани өмірі, олардың қатнастарының дамуы және оның белгілі бір жүйеге келіп ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қастерленуі ұзақ уақытты қамтитын кү-былыс. Олардың қоғам ішіндегі қатынастардың белгілі бір қағидасына айналуы сол замандағы дәстүрлі қоғамның сұранысына сәйкестіктершен байланыстылығында.

Көшпелі мал шаруашылығына негізделген қазақ қоғамының дәстүрі мен салтынын пайда болып күні бүгінге дейін жетуі де қоғамның дәстүрлігімен байланысты. Сондықтан көшпелі қоғамның ішкі қатынастарымен байланысты қазақ халқының өз ерекшеліктерімен өзгешеленетін, адамзат баласына тән адамгершілік, имандылық принциптеріне негізделген, қоғам мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыратындай салт -дәстүрлері қалыптасқан. Соның бірі қазақ халқының қоғамындағы адамдар арасындағы қарым-қатынастардағы сыпайыгершілік -дәстүрлі ауылда, немесе ауылдар арасындағы қатынастардағы адамдардың бір-біріне деген силасымдылығынан туындаған. «Егер Батыс қоғамында адамның жеке тұлға ретінде көрінуі, ал Шығыс халықтарында ұжымдық психология басым болса, көшпелі қазақ қоғамына осы екі бірдей қасиет тән кұбылыс» [1]. Өйткені адамның жеке тұлға ретінде дамуымен қатар. шаруашылықтың корпоративті түрі, яғни малды бірлесіп жаю, көшіп-қону т. б. адамдарды: шаруашылық мәселелері бойынша бір-бірімен өзара тығыз байланыстырады. Сондықтан ауыл ішіндегі адамдар бір жағынан жақын ағайындар, туыстар. Екінші жағынан, жүргізетін шаруашылықтың бәріне бірдей ортақтығы адамдарды өзара қатынастарда бір-бірін жақш тартуға, эркімнің өз алатын орны бойынша құрметтеуге әкеледі. Ауыл ішіндегі адамдардың бір-бірінің атын атауы өте сирек. «Үлкендерді ата, апа, аға, әпке т. б. ал жасы кішілерді еркелетіп атайды. Ал жеңгелер қайын, қайын сіңілдеріге ат қойып еркелетеді. Келіндер үлкендердің атын атамай, олардың аттарына пара-пар келетін атауларды пайдаланып қажет жағдайда лайықты қолданған» [2].

Келіндердің үлкендерге бас иіп, тізе бүгіп сәлем жасауы, төрге озбауы олардың элеуметтік алатын орнының төменділігі немесе кемсітушілік емес - үлкендерге деген құрмет. Осындай эдеп көрсеткен келіндерге үлкендер батасын беріп, алғысын айтады: «Қарағым мың жаса, өркенін өссін», - деп ризашылығын білдірді. Жеңгелер қайындарын «мырза жігіт», қайын сіңілдерін «еркетай» деп еркелетіп тұрса, олар тарапынан да жеңгеге деген ізетті іс -эрекеттің қайтарымы болады. Осындай қарым-қатынастардың үстемдігі жағдайында орынсыз қылық, әбес саналатын іс-эрекет, дөрекі сөздің болуы екі талай .

Ауыл мен ауыл арасындағы қатынастарда да малды қатар жаю, көшіп-қону процесіндегі маршруттарының ортақтығы олардан үнемі бір-бірімен сыпайыгершілік жағдайда болуды талап етеді. Сондықтан қатар отырған ауылдар бір-біріне ілтипатты жағдайда болады. Ел аузындағы «төскейде малы, төсекте басы қосылған», немесе «ауылы аралас, малы қоралас», тағы баска нақыл сөздер олардың арасындағы қатынастарды сипаттайды.

Ертерек қыстау немесе жайлауға көшіп келген ауыл, соңынан келгендерді ерулікке шақыруы, соғым басына шақыру дәстүрі, сол сияқты болған қуанышқа арналған той-томалакка көрші ауылдарды ескерусіз қалдырмау, қайғыға ортақтасу, уақытымен керініп, көңіл айту т.е.; ауылдар арасындағы өзара байланыстылықты бекіте түседі.

Шаруашылық жағдайымен байланысты қазақ халқының дәстүрлерінің бір ерекшелігі -жеті атағд-Чдейінгі аталас адамдардың құда болмауы, қыз алыспауы. Әрине, бұл мәселенін медициналБік' жағы да бар. Бірақ, эу баста осы дәстүрдің қалыптасып, оны қатаң түрм сақтаудың қажеттілігі көшпелі қазақ қоғамының өмірінің қажеттілігінен туындаса керек. Осы күн үйлену тойларында ақсақалдар сөйлеген сөзінде «қыз өссе - өріс» деп жатады ғой. Осы мәселеге тереңірек үңіліп көрсек, яғни, қандай шаруашылық қажеттіліктен шығады? Қазақта жеті атаға дейінгі ағайын адамдар қатар, аралас отырған, көшіп -қону маршруттары ортақ бірнеше ауылдарды құрайды. Міне осы ауылдар арасында бір-біріне құда түсіп, қыз алысу медициналыж жағынан ғана емес, шаруашылық жағынан да көшпелі өмір сүру жағдайында тиімсіз. Өйткен: онсыз да ағайын ауылдар арасында бұл мәселе шаруашылыққа ешқандай ұтымдық әкелмейлі Қазақ халқындағы ең басты мәселе жер, оны тиімді пайдалана білу. Қыс қыстау, көктеу, жайлау . күздеу

аралығындағы көшіп-қонып өмір сүруде мал басының ұлғаймалы ұдайы өнімі жағдайк үнемі жайылым жер мәселесін күнделікті өмірде бірінші орынға қояды. Сондықтан алы: аталастармен, рулармен жерді пайдалануды реттестіру қажеттілігі көшпелі өмірдің өзіне тә* дипломатиясын қажет етеді. Олармен туыстық қатынастарды жандандыру үшін құда түсу. &г алып, қыз беріп, құдандалы болу қажеттілігі шаруашылық өмірдің қажеттіліктерінен болу керек «Қыз өссе - өріс» деген сөздің түп төркіні осы мәселеде жатса керек.

Халқымызда эрбір қоғам мүшесінің жеті атасын, қай ру, тайпаға жататындығын білу міндетті шарт болған. «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деген сөздер көшпелі өмірден туындап мәселе. Өйткені ұдайы бір жерден екінші жерге көшіп -қонып отыру, тікелей малды жайылымме-қамтамасыз етіп отырумен байланыстылығында. Нақты елді мекеннің және ӘКІМШЛТІІ-территориялық бөлiністердің болмауы адамдардың кім екендігін, қазіргі кездегідей нақты мекенжайы арқылы емес, сол дәстүрлі қоғамның элеуметтік құрылымы арқылы қай руға, атаға. және жеті атасы арқылы ғана анықтау мүмкін еді.

Дәстүрлі көшпелі өмір сүру жағдайында рулық-тайпалық құрылымға негізделген казак қоғамындағы үстем қатынастар - туыстық қатынастар болды. Туыстық-рулықты алға тартып жөн сұрасу - ол бөліну емес, қайта адамның шыққан тегі арқылы оны жақын тарту. Халқымыздың мақалының «Сұраса келе қойнындағы әйелің қарын бөле болып шығады», - деуі адамдардың бір-бірімен сұрасып, туыстығын анықтаудан шыққан мәселе ғой. «Сол сияқты казак халқының тайпалық - рулық құрылымдары туралы, оларды таратудағы қатынас олардың бір-бірімен туыс екендігі, бір атадан тарайтындығы, қайсысының аға, қайсысының іні екендігін анықтайтындығы» [3]. Тіпті үш жүздің құрылымының өзі бірі аға, бірі ортаншы, бірі іні болып туысуы, бірігуі қандай жағдайлардан шыққан. Көшпелі қазақ қоғамында туыстықты алға тартудың, оның үстем болуының негізінің себептері өмір дәстүрінен, менталитетінен дейміз ғой. Ал оның эу бастағы негізгі себебі неде? Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында мал басының өсуі оларды жақсы жайылыммен қамтамасыз еткенде ғана ұлғаймалы ұдайы өнім өндіру сипатында болады. Яғни малдың санының артуы геометриялық прогрессия бойынша өседі. Бірақ өндірілген өнім қоғамның ішкі экономикалық қатынастарында тауарға айнала алмайды. Өйткені қатар отырған туыс ауылдардың, алыстағы немесе белгілі бір қашықтықтағы ауылдардың да өндіретін өнімдері бірдей - мал өнімі. Сондықтан олардың арасында тауар айналымы жоқ.. Әр шаруашылық өз алдына томаға тұйық қалпында қалады. Бірақ мал басының өсуі және көшпелі ауылдардың жақсы жайылымды иеленуге, немесе жайылымын кеңейтуге ұдайы ұмтылуы көшпелілер арасында үнемі жер мәселесін күн тәртібінде бірінші мәселе етіп қояды. Соған байланысты өзара қырқыстардың қоғам өмірінде жиі орын алуы болмай қоймайтын кубылыс. Ауылдар, рулардың шаруашылық мәселелерде өз алдына еркіндігі жағдайында көшпелілер арасындағы экономикалық қатынастардың тек жерді қауымдасып пайдалануымен байланысты болуында.

Ауылдар арасындағы ағайындылықты, рулар арасындағы туыстықты ата жолымен таратып, туыстық қатынастарды алдыға тартып мәмілеге келу туындайтын мәселелерді шешудің бірден-бір тиімді жолы болып табылады. Оған мысал болатын халық өмірінен алынған ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен билер арасындағы жер дауын шешудегі ағайынгершілік туыстықты алға тартулар.

Халқымыздың қоғам ішіндегі рулық-туыстық қатынастарындағы үстемдігі түрі патша өкіметінің отарлау саясаты нәтижесінде капиталистік қатынастардың енуімен елеулі өзгерістерге түсе бастаған екені белгілі. Әрине, ол заңды құбылыс болатын. Бірақ, Кеңестік социалистік қатынастарды күшпен енгізу саясаты салдарлары қазақтың рулық-туыстық қатынастарының бауырмалдылығының оңін айналдырып, мазмұнын өзгертті. Туыстық-рулық жақын тарту -рушылдыққа, болінушілікке айналды. Қоғам өмірінде оның теріс жақтары орын алып, ұлттық бірлікке елеулі зиянын тигізді. Негізінен, бұл мәселе біз көтеріп отырған тақырыптың арнаулы мәселесі емес. Ол өз алдына жеке зерттеуді, ғылыми талдауды қажет ететін дүние. Сондықтан осы баяндаманы қорытындылай келе, рухани өмірдің тікелей қоғамның шаруашылық-экономикалық қатынастарынан туындайтындығымен байланыстылығында екендігін атап көрсету.

**Сламбеков З.С.,
гуманитарлық жалпы білімдер
пәндері кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты**

Пайдаланылған дерек көздері

1. Нысанбаев А. Н. Проблема защиты прав и свобод в политической системе традиционного казахского общества // Становление гражданского общества в странах Центральной Азии. - А., 1999. - С. -7.
2. Аргинбаев Х. Традиции народной, бытовой и обрядовой культуры // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблема и перспективы исследования. - А., 1997. - С.28
3. Толыбеков С. Т. Кочевое общество казахов в XVII-XIX века. - А.-А., 1917. - С. -517-519